

## Қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық үлгілік нормалар мен нормативтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2024 жылғы 26 тамыздағы № 330 бұйрығы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі.**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 41-10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық үлгілік нормалар мен нормативтер бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Министрдің міндетін атқарушы*

*А. Сарбасов*

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2024 жылғы 26 тамыздағы  
№ 330 бұйрығымен  
бекітілген

**Қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық үлгілік нормалар мен нормативтер**

**1-бөлім. Жалпы бөлім**

1. Осы қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық үлгілік нормалар мен нормативтер (бұдан әрі – еңбек нормативтері) әкімшілік және қоғамдық ғимараттарда қызмет көрсетумен айналысатын жұмыскерлердің қажетті нормативтік сандарын, уақыт нормаларын, қызметтерінің нормаларын белгілеу және негіздеу үшін әзірленген.

2. Еңбек нормативтерін әзірлеу негізіне мыналар жатады:

ұйымның (кәсіпорынның) құрылымдық бөлімшелеріндегі қолданыстағы еңбек ұйымын зерделеу материалдары;

хронометраждық бақылаулардың деректері;

еңбек тәсілдері мен әдістерін ұтымды ету және жұмыс орындарын ұйымдастыру мақсатында олардың түрлері, еңбек процестері бойынша жұмыстарға жұмсалатын уақыт шығындарын талдау және зерттеу нәтижелері;

техникалық есептеулер.

3. Жұмысшылар кәсіптері мен қызметшілер лауазымдарының атаулары жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік–біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес көрсетілген.

4. Жинақта келтірілген "дейін" деген сандық мәндердің шектерін қоса алғанда деп түсіну керек.

5. Еңбек нормативтерінде дайындық-қорытынды жұмыстарға, жұмыс орнына қызмет көрсетуге, тынығуға және дене шынықтыру үзілістерін қоса алғанда, жеке қажеттіліктерге арналған уақыт жедел уақыттың 10 % мөлшерінде ескерілді.

Уақыт нормаларын есептеу (Нуақыт) жұмыс түрлері бойынша 1 формула бойынша жүргізілді:

Нуақыт =Топ. (1+К/100), (1)

мұндағы, Топ – оперативті уақыт;

К – дайындық-қорытынды жұмыстарға, жұмыс орнына ұйымдастырушылық-техникалық қызмет көрсетуге, тынығуға (дене шынықтыру үзілістерін қоса алғанда) және жеке қажеттіліктерге арналған уақыт сомасы, оперативті уақыт %.

6. Еңбек нормативтерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіпті сақтай отырып, жұмыстарды орындау көзделген.

7. Жабдыққа, учаскеге, жұмыс орнына осы нормативтерде көзделгеннен аз жұмыскерлер қызмет көрсеткен кезде, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыс технологиясы мен сапасы жөніндегі тәртіп талаптары сақталған кезде жұмыскерлердің нақты саны сақталады.

Қызмет көрсету учаскелері бойынша жұмыскерлердің санын ғимарат әкімшілігі өндірістік қажеттілік пен жұмыс көлеміне сүйене отырып, алдыңғы күнтізбелік

жылдағы статистикалық көрсеткіштер бойынша жұмыскерлердің нормативтік санының есептеулері негізінде бөледі.

8. Еңбек нормативтерінде тәулігіне немесе ауысымына қызмет көрсететін персоналдың тізімдік саны көзделген.

Инженерлік қызметтердің жұмысы үшін ауысым ұзақтығы 8 сағат болатын келу ауысымының саны көзделген.

Жұмысшы персонал санын белгілегенде жұмыс уақытының орташа айлық нормасы жылдық жұмыс уақытының теңгеріміне сәйкес.

8.1. Нақты жұмыс түрі бойынша жұмысшылардың тізімдік саны (Стіз) мына 2-формула бойынша айқындалады:

$$Стіз = Ск \times Кш, (2)$$

мұндағы: Стіз – тізімдік саны;

Ск – келу саны,

Кш = 1,1 – барлық кәсіп үшін демалыстар уақытында, сырқаттану және өзгелер бойынша жұмысқа шықпаулар жоспарланып отырған коэффициенті.

8.2. Әрбір кәсіп бойынша олар болмаған уақытта міндеттерін орындау талап етілетін жұмысшылар санын айқындау кезінде демалыс уақытында, сырқаттану және өзгелер бойынша жоспарланған шықпаулар коэффициенті есептеледі

$$Кш = 1 + \frac{\% \text{ жоспарланған жұмысқа шықпаулар}}{100} \quad (3)$$

8.3. Қызмет көрсету нормаларын пайдалану кезінде жұмысшылардың келу саны 4-формула бойынша айқындалады:

$$Ск = \frac{Q_1}{H_{o1}} + \frac{Q_2}{H_{o2}} + \frac{Q_3}{H_{o3}} + \frac{Q_n}{H_{on}},$$

мұндағы: Q1, Q2, Q3, ... Qn – жекелеген жұмыс түрлерінің көлемі;

Но1, Но2, Но3... Ноn – тиісті жұмыс түріне арналған қызметтердің нормалары.

8.4. 5-формула бойынша айқындалған еңбек нормативтерінде келтірілген уақыт нормаларын пайдалану кезінде жұмысшылардың келу саны:

$$Ск = \frac{Ен}{Қж} \quad (5)$$

мұндағы:

Ен – нормалармен қамтыған жұмыс түрлері бойынша нормативтік еңбек сыйымдылығы;

Қж – есептік кезеңінде бір жұмыскердің жұмыс уақытының жоспарлы пайдалы қоры.

8.5. Нормативтік еңбек сыйымдылығы 6 формула бойынша айқындалады:

$$E_n = N_{\text{уақыт}} \times V, (6)$$

мұндағы:

Нуақыт – нақты нормаланатын жұмыс түрі көлемінің бірлігін орындауға жұмсалатын уақыт нормасы;

V - есептеу кезеңінде орындалатын нақты жұмыс түрінің көлемі.

9. Жинақта қамтылған басқарма ғимараттарына жататын ғимараттардың сипаттамасы еңбек нормативтеріне 1-қосымшада келтірілген.

Ғимараттардың үй-жайларын жинау бойынша негізгі жұмыстарды орындау кезеңділігі еңбек нормативтеріне 2-қосымшада келтірілген.

Үй-жайларды, баспалдақ торларын, іргелес аумақтың ауласын жинау кезеңділігі еңбек нормативтеріне 3-қосымшада келтірілген.

Ғимаратты техникалық пайдалану және ағымдағы жөндеу бойынша қызмет көрсету нормалары еңбек нормативтеріне 4-қосымшада келтірілген.

Ұйым ғимаратына қызмет көрсету үшін жұмысшылар санын есептеу мысалы еңбек нормативтеріне 5-қосымшада келтірілген.

Еңбек нормативтерінің мазмұны еңбек нормативтеріне 6-қосымшада келтірілген.

## **2-бөлім. Еңбекті ұйымдастыру**

10. Ұйымдар мен кәсіпорындарда жұмысшылардың қызметі құрылымдық бөлімшелер туралы ережемен, лауазымдық нұсқаулықтармен регламенттеледі.

Жабдықтарға күтім жасау жөніндегі жұмысты тиісті құрылымдық бөлімшелер жүзеге асырады.

11. Жұмысшылардың еңбек қызметі жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы шегінде де, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ауысымдық режимде де жүзеге асырылады.

12. Жұмыс орындарындағы еңбекті ұйымдастыру еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік санитария және гигиена талаптарына сәйкес келеді.

## **3-бөлім. Нормативтік бөлім**

### **1-тарау. Жұмыскерлер санының нормативтері**

#### **1-параграф. Гардеробшылар санының нормативтері**

13. Кәсіптің шамамен атауы: гардеробшы.

#### 14. Жұмыстың шамамен құрамы:

жұмыскерлер мен ғимараттағы ұйымдарға келетін келушілердің сыртқы киімдерін және өзге де ұсақ жеке заттарын қабылдау, сақтау және беру;

сыртқы киім мен заттарды қабылдау кезінде иесіне жетон беру;

заттарды беру жетон ұсынылған кезде беру;

ауысымды тапсырғанда гардеробта болған барлық заттар мен нөмір белгілерін қабылдап алу.

#### 1-кесте

Гардеробтағы орындар саны	Сандық нормативтер (ауысымда 1 гардеробқа келетін адам)
100-ге дейін	0,86
101-200	0,97
201-300	1,18
301-400	1,39
401-500	1,60
501-600	1,81
601-700	2,02
701-800	2,23
801-900	2,44
901-1000	2,65
1001-1100	2,86

#### 2-параграф. Рұқсаттама бюросы жұмыскерлері санының нормативтері

15. Лауазымдардың шамамен атауы: рұқсаттама бюросының меңгерушісі, рұқсаттама бюросының кезекшісі.

#### 16. Жұмыстың шамамен құрамы:

бір реттік рұқсат қағазын толтыру және беру;

келушінің өтінімі мен жеке куәлігі (паспорты) негізінде рұқсат қағазының бланкісіне келушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), рұқсат қағазының берілген күні мен уақыты жазылып, мөр басылады;

компьютер болғанда рұқсат қағазының бланкісіне келушілердің жеке куәлігінің (паспортының) деректері енгізіледі, бланк принтер арқылы басылып шығарылады;

журналда тіркеу;

келушіге рұқсат қағазы бланкісін беру;

рұқсат қағаздарын беру тізілімін шығару.

#### 2-кесте

Операциялардың атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормасы, сағат
Бір реттік рұқсат қағаздарын толтыру және беру	Рұқсат қағазының бір бланкісі	0,05

### **3-параграф. Лифт Ұрлер санының нормативтері**

17. Кәсіптің шамамен атауы: лифт Ұр.

18. Жұмыстың шамамен құрамы:

лифтiлердiң дұрыс жұмыс iстеуiн және жолаушылардың оны пайдалану тәртібiн сақтауын қадағалау;

телефонның немесе дабылдың жұмысын тексеру;

жинау құралдарын жеткізу;

лифт кабинасын жинау;

әрбiр қабатта аялдамасы бар жолаушыларсыз сынақ сапары, сондай-ақ "тоқтату" батырмасын сынау;

ақаулар анықталған жағдайда лифт сөндiру және бұл туралы лифт жөнiндегi механик пен әкiмшiлiкке дереу хабарлау, лифт журналында ақау туралы жазу;

лифт журналында лифтiнi түзетуге және пайдалануға рұқсат беру туралы белгi қою;

жұмысты тоқтатқаннан кейiн кабинаны төменгi қабатқа қою, қозғалтқыш генераторы мен кабинаның жарықтандыруын сөндiру, шахта есiгiн жабу, журналда өзiнiң кетуiн белгiлеу;

бақылау техникалық тексерулер жүргiзу кезiнде қажеттi көмек көрсету.

19. Лифт Ұр санының нормативi лифтiлерге қызмет көрсетудiң екi тәсiлiне байланысты белгiленедi:

бiрiншi жағдайда – лифт Ұр лифт кабинасымен бiрге жүредi және ауысым кезiнде үнеми кабинада болады;

екiншi жағдайда – лифт Ұр төменгi қабат алаңындағы бақылау пунктiнде болады ( лифтiлердi жолаушылардың өз бетiнше пайдалануына ауыстыру кезiнде).

20. Лифт Ұрлердiң санын айқындау үшiн:

ғимараттағы жұмыс iстеп тұрған лифтiлердiң саны (бұл ретте резервтік лифтiлер есептеу кезiнде ескерiлетiн лифт Ұрлердiң жалпы санына енгiзiлмейтiнiн есте ұстаған жөн);

лифтiлерге қызмет көрсету тәртібi (лифтiнi өз бетiнше пайдалану немесе лифт кабинасын сүйемелдеу);

әрбiр лифт бойынша ауысымдық жұмысы белгiленедi;

лифтiлердiң белгiленген санына және олардың жұмысының ауысымына сәйкес лифт Ұрлердiң келу саны айқындалады.

21. Лифт Ұрлер санының нормативтерi:

а) 1 лифтiге ауысымда лифт кабинасын сүйемелдеу кезiнде – 1 адам;

б) ауысымда лифтiлердi өз бетiнше пайдалану кезiнде 1 постқа – 1 адам.

### **4-параграф. Ғимараттың инженерлік жабдықтарына қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын жұмысшылар санының нормативтерi**

## 22. Еңбекті ұйымдастыру және жұмыстар технологиясы:

жұмысшылар ғимараттың инженерлік жабдықтарын (жылу жүйелерін сумен жабдықтауды, суды ағызуды, электр жарығын беруді, электр жабдықтарын, бақылау-өлшеу аспаптарын және осы жабдықтарға орнатылған автоматты қондырғыларды, желдеткіш және түтінді жою жүйелерін) пайдаланудың қалыпты жағдайын қамтамасыз етеді;

ғимараттың инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйін бақылау қазіргі заманғы техникалық диагностика құралдарын пайдалана отырып, тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырылады;

ағымдағы жөндеудің жоспарына енгізу үшін жұмыс көлемдерінің көлемі нақтыланатын жалпы тексерулер жылына екі рет жүргізіледі;

ішінара тексерулер жүргізу кезінде тексеруге кететін уақыт ішінде жойылуы мүмкін ақаулар жойылады;

техникалық күтім жасау жабдықтарды пайдалану кезеңі ішінде үнемі жүргізіледі;

инженерлік жабдықтар жүйелерін ағымдағы жөндеу оның уақытынан бұрын тозуын болдырмау мақсатында жоспарлы – алдын алу жұмыстарды, сондай-ақ пайдалану барысында туындайтын ұсақ зақымдарын жою жұмыстарын жүргізуден тұрады;

жабдықтардың зақымдалған жерлерін және ақауларын дұрыстауға байланысты жұмыстар әкімшіліктің өтінімдері мен нұсқаулары бойынша орындалады.

23. Ғимараттардың инженерлік жабдықтарына қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын жұмысшылар санының нормативі 3-кестеде келтірілген.

### 4.1-параграф. Слесарь-сантехниктер санының нормативтері

24. Кәсіптің шамамен атауы: слесарь-сантехник.

25. Жұмыстың шамамен құрамы:

жылу берілетін маусым басталар алдында ғимараттардың инженерлік жабдықтар мен коммуникациясын, сондай-ақ ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін қарауды ( тексеруді) жүргізу;

сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріндегі ақауларды жою функцияларын қанағаттанарлық, төселгіштерді ауыстыруды, су бөлу және су алу арматураның тығыздамаларын тығыздауды, су ағынын бітеуді, су ағатын жерді тығыздап бітеуді қамтамасыз ету;

су шығатын жерді құдыққа дейін тазалау;

сантехникалық аспаптардың су ағатын жерлерін бітеу немесе су ағызатын икемді тетіктерді ауыстыру, сифондарды шығару, қотарып құю тетіктерін, сантехникалық аспаптарға жалғататын құбырлардың бөлшектерін, унитаздың резеңке манжеттерін ауыстыру, кендікті нақыштау, су ағызатын ыдысты ретке келтіру және су ағуын болдырмау, сантехникалық аспаптарды бекіту;

кәріз тартпаларының дұрыс жұмыс істеуін тексере отырып, ішкі кәріз бен сантехникалық аспаптардың бітеліп қалуын болдырмау;

олардың қанағаттанарлық жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жылу беру және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің (құбырлардың, аспаптардың, арматураның, кең бактардың) ақауларын жою;

жылытылмау, ауа кіруін жоюға байланысты жүйеледі баптау және реттеу, су аққанда жылыту аспаптарын, сүлгі кептіргіштерді ауыстыру, құбырлар мен аспаптарды бекіту, құбырлардағы жылу оқшауларды, арматураны ретке келтіретін кең бактарды қайта қалпына келтіру;

жылыту жүйесін жөндеу, жуу және гидравликалық сынақтан өткізу;

жылу қоспаларын, элеватор және жылу тораптарын бақылау-өлшеу аспаптарымен жабдықтау;

суару жүйелерін консервациялау, қайта консервациялау және жөндеу;

суару жүйелерінің қосымша желісін орнату;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша ақауларды жою жөніндегі жұмыстарды орындау.

#### **4.2-параграф. Жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтерлер санының нормативтері**

26. Кәсіптің шамамен атауы: жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер.

27. Жұмыстың шамамен құрамы:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (кектемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер) электр желілері мен электр жабдықтарын, сондай-ақ ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін қарауды (тексеруді) жүргізу;

қызметтік және қосымша үй-жайлардың (баспалдақ торшаларын, вестибюльдердің, жертөлелердің шатырасты орынжайлардың) электр жабдықтарын жөндеу;

таратқыш қалқандарды және кірме-таратқыш қондырғыларды жөндеу;

шамдарды жөндеу және ауыстыру;

қыздыру және люминесцент шамдарын ауыстыру;

автоматтарды, пакетті ауыстырып қосқыштарды, қорғаныш сөндіру құрылғыларын, сөндіргіштерді ауыстыру;

жекелеген жергілікті электр сымын ауыстыру;

жарылыс қаупі жоқ орындауда жертөлелер техникалық қосалқы орынжайларда, техникалық дәліздердегі жарық жүйесін қайта қалпына келтіру;

үйдегі және көшедегі жарық беру жабдықтарын пайдалану;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша ақауларды жою.



#### **4.3-параграф. Бақылау-өлшеу аспаптарымен автоматика жөніндегі слесарь санының нормативтері**

28. Кәсіптің шамамен атауы: бақылау-өлшеу аспаптарымен автоматика жөніндегі слесарь.

29. Жұмыстың шамамен құрамы:

бақылау-өлшеу автоматы және өзге де аспаптар мен механизмдерді жөндеу, жинау, ретке келтіру, сынақтан өткізу, оңдау, монтаждау, баптау және тапсыру;

біріктіру схемаларын жасау және монтаждау;

аспаптарды сырлау;

әртүрлі дәнекерлегіштермен дәнекерлеу;

релелік қорғаныш қондырғыларын, электрлік автоматика, телемеханика қондырғыларын икемдеу және баптау;

аппаратура жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

барлық бақылау-өлшеу аспаптарының, автореттегіштер мен қоректендіру автоматтарының барлық түрлері нақтылығының сыныптары бойынша ретке келтіру және тексеру;

ақаулар ведомосын жасау және аспаптар мен автоматтарға паспорттар мен аттестаттар толтыру.

#### **4.4-параграф. Электр газбен дәнекерлеушілер санының нормативтері**

30. Кәсіптің шамамен атауы: электр газбен дәнекерлеуші.

31. Жұмыстың шамамен құрамы:

дәнекерлеу жіктерін ағысын анықтау мақсатында жылыту маусымы басталар алдында ғимараттың инженерлік жабдықтары мен коммуникациясын жыл сайын тексеруді жүргізу;

берілген өлшемдерге дәнекерлеудің барлық кеңістіктік позицияларында бөлшектерді, тораптарды, конструкцияларды және құбырларды дәнекерлеуді орындау;

ұзындығы екі метр орталық жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйелері құбырларының авариялық учаскелерін ауыстыру;

раковиналар мен жарықтарды дәнекерлеу;

қоқыс құбырын жөндеу кезінде дәнекерлеу жұмыстары.

#### **4.5-параграф. Слесарь-жөндеушілер санының нормативтері**

32. Кәсіптің шамамен атауы: слесарь-жөндеуші.

33. Жұмыстың шамамен құрамы:

коммуникациялық коллекторларды қарап тексеру, оларды газдалудың болмауына тексеру және желдету;

коллектордың күзетілетін аймағын қоқыстан тазарту;

коллекторларға орнатылған коммуникацияларға рұқсатты қамтамасыз ету;  
коллекторлардың суға батуы кезінде суды ағызуды жүргізу;  
құрылыс құралымдарының гидрооқшаулағышын қайта қалпына келтіру;  
люктерді, сондай-ақ жартылай өткізгіш арналардың коллекторға түйісетін жерлерін түмшалау;

люктерді, торларды, кронштейндерді жөндеу және бояу кезінде сылақ және сырлау жұмыстарын орындау;

баспалдақтардың, алаңдардың, өтпелер мен олардың таяныштарының бекітпелерін тексеру, оларды жөндеу;

коллектордың люктерін қар мен мұздықтардан тазарту;

желдету немесе механикалық желдетуді қосу жолымен коллектордағы температураны 300 С-тен асырмай ұстау;

дренажды жүйелер жұмыстарын карап тексеру;

дренаждарды жуу және тазарту;

коллекторлардың электрлік жарық жүйелерінің жұмысын тексеру және барлық жұмыс түрі бойынша ақауларды жою.

3-кесте

Р/с №	Кәсіптердің атауы	Өлшем бірлігі	Сандық норматив
1.	Слесарь-сантехник	ғимараттың жалпы алаңының 1000 шаршы метр (бұдан әрі – м2)	0,2
2.	Электр жабдықтарын жөндеу және күтім жасау жөніндегі электромонтер	ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,37
3.	БӨАжА слесарі	ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,18
4.	Электр газбен дәнекерлеуші	ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,01
5.	Слесарь-жөндеуші	ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,01

### **5-параграф. Ғимараттардың құрылымдық элементтерін жөндеумен айналысатын жұмысшылар санының нормативтері**

34. Еңбекті ұйымдастыру және жұмыстар технологиясы:

ғимаратты ағымдағы жөндеу құралымдарын сақтау, ғимараттардың тозуын болдырмау үшін ғимаратты әрлеу жөніндегі жоспарлы – алдын алу жұмыстарынан, пайдалану процесінде туындайтын ұсақ зақымдар мен ақауларды жою жұмыстарынан тұрады;

ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстар жоспарланған және күтпеген жұмыстарға бөлінеді;

жоспарланған жұмыстарға мерзімдік қарап тексерулер мен алдын алу жұмыстары жатады;

күтпеген жұмыстарға ғимаратты пайдалану барысында анықталатын ұсақ зақымдары мен ақауларын жою жөніндегі жұмыстар жатады;

ғимараттың құрылымдарын және оны әрлеуді техникалық қарап тексеру барысында анықталған ұсақ ақаулары жойылады;

алдын ала ағымдағы жөндеу объекті бойынша жоспарға сәйкес жүргізіледі;

алынған тапсырмаға сәйкес жұмысшылар қоймадан (шеберханадан) қажетті құрал-сайманды, құрылғыларды, материалдарды алып, көлік құралдарына апарып салады (немесе өздері апарды), белгіленген тәртіппен реттеліп салынған заттарды объектіге (жұмыс аймағына) түсіреді;

жұмыс аяқталғаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын тазартып жинайды, қалдықтар мен қоқыстарды белгіленген жерлерге көлікпен әкетеді, пайдаланылмаған материалдар, құрал-саймандар мен құрылғыларды көлік құралдарына апарып салады (немесе өздері апарды), оларды түсіріп, қоймаға (немесе шеберханаға) реттеп жинайды ;

алдын ала жөндеуді жүргізу кезінде жекелеген тетіктерді, құрылымдық элементтерді жасау жөніндегі операциялар шеберханаларда тұрақты жұмыс орындарында орындалады.

35. Ғимараттардың құрылымдық элементтерін жөндеумен айналысатын жұмысшылар санының нормативі 4-кестеде келтірілген.

### **5.1-параграф. Металды төбелерді жабушылар санының нормативтері**

36. Кәсіптің шамамен атауы: металды төбелерді жабушы.

37. Жұмыстың шамамен құрамы:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер), сондай-ақ төбе жабындарының ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін құрылымдық элементтерді қарауды (тексеруді) жүргізу;

болатты төбе жабындарын ішінара жөндеу;

ғимараттың су ағатын құбырларын, иіндерді, құйғыштарды, науаларды, жиектерді, кенерлерді, парапет торшаларды, маңдайшасындағы шығыңқы бөліктеріндегі сыртқы жабындарының салбырап тұрған жерлерін ауыстыру, жөндеу және бекіту;

сыртқы суағарлардың құйғыларының лоток-қақпақшаларын орнату және оларды алып тастау;

келте құбырларды ауыстыру, келте құбырларға желбаққыштарды орнату;

түтін және желдету құбырларын бекіту, түтін және желдету құбырларының қалпақшаларын ауыстыру;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша төбенің құрылымдық элементтерінің ақауларын жою;

төбені қар мен мұздақтардан, ластан, жапырақтар мен бөтен заттардан тазарту; қиылған жерлерін, тарақтарды бұғу.

### **5.2-параграф. Рулонды төбе жабушы және дана материалдардан жасаған төбе жабушылар санының нормативтері**

38. Кәсіптің шамамен атауы: рулонды төбе жабушы және дана материалдардан жасаған төбе жабушы.

39. Жұмыстың шамамен құрамы:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер), сондай-ақ төбе жабындарының ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін құрылымдық элементтерді қарауды (тексеруді) жүргізу;

жұмсақ төбе жабынын мастикамен жабу;

асбоцементті, шифер және жабынды төбелердің жекелеген табақтарын ауыстыру;

жұмыстың жазғы және қысқы режимінде ішкі су ағынын ауыстырып қосу;

ішкі су ағын жүйелерін жөндеу;

төбе жабынын қар мен мұздақтардан, қоқыстан, ластан, жапырақтар мен бөтен заттардан тазарту;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша төбенің құрылымдық элементтерінің ақауларын жою;

шатырдан су ағып кеткен оқшаулау, ұйымдастырылған сутөкпе жүйелердің ақауларын жою және өзгеде жұмыстар.

### **5.3-параграф. Сырлаушылар санының нормативтері**

40. Кәсіптің шамамен атауы: сырлаушы.

41. Жұмыстың шамамен құрамы:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер) сырланған жерлерді, сондай-ақ ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін қарауды (тексеруді) жүргізу;

ғимараттардың немесе олардағы жабдықтардың жекелеген құрылымдық элементтерінің ақауларын жоюға байланысты сырлау жұмыстарын орындау;

ағу салдарын жою, қасбеттерді, қабырғаларды, тобелерді желімді әрі ізбесті сырлармен, қабырғаларды, терезелерді, есіктерді, тобелерді, радиаторларды, жылу құбырларын, шатырлар мен олардың құрылымдық элементтерін майлы сырмен сырлау жөніндегі жұмыстарды орындау;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша ақауларды жою.

#### **5.4-параграф. Ағаш шеберлері санының нормативтері**

42. Кәсіптің шамамен атауы: ағаш шебері.

43. Жұмыстың шамамен құрамы:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер) ғимараттың үй-жайларын, оның ағаш құрылымдарын, сондай-ақ ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін қарауды (тексеруді) жүргізу;

шатыр тіреуіштерді, тіреуіштің астына жуан бөрене ағаштар мен торларды бекіту және жөндеу;

қабаттар арасындағы және шатыр ағаш қаптағыштарды нығайту және жөндеу;

ағаш қабырғалар мен аралықтарды жөндеу және бекіту;

ағаш еденді ауыстыру және жөндеу;

қабырғалардың, салынған шкафтар мен тебелердің құрғақ сылақтарын жөндеу;

орынжайлардың үстіңгі жақтарын, іргелерін, ойық жерлерін ауыстыру;

ағаш баспалдақтарды, таяныштар мен өртке қарсы жабдықталған алаңдарды жөндеу

;

ағаш құрылымдарды антисептикалық және өртке қарсы қорғау жөніндегі жұмыстар; туды және үй белгілерін ұстағыштарды бекіту;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша ақауларды жою.

#### **5.5-параграф. Әйнекшілер санының нормативтері**

44. Кәсіптің шамамен атауы: әйнекші.

45. Жұмыстың шамамен құрамы:

әйнектерді көлемі мен конфигурациясы бойынша кесу және оларды тегістеу;

әйнек сылақтарын дайындау;

әйнектерге сылақтарды немесе герметиктерді жағу, ағаштан, металдан, темір бетоннан, пластмассадан және басқа да заттардан жасалған жерлердегі ойықтарға әйнектерді салу, оларды бекіту;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша өзге де осыған ұқсас жұмыстарды орындау.

#### **5.6-параграф. Сылақшылар санының нормативтері**

46. Кәсіптің шамамен атауы: сылақшы.

47. Жұмыстың шамамен құрамы:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер) қасбеттердің қапталу және сылақ жағдайын, сондай-ақ ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін қарауды (тексеруді) жүргізу;

үй-жай қабырғаларының, төбелерінің, карниздерінің сылақтарын, терезе мен есіктің еңіс жерлерін дұрыстау;

қасбеттердің қаптамаларын және сылағын, ұсақ-түйектерді жөндеу, жертөлелер мен баспалдақ алаңдарындағы цементті еденді жөндеу (шұңқырларды бітеу) жұмыстарын тексеру;

қабырғалардың, жапсырма бұйымдар мен адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін басқа да шығыңқы құрылымдардың элементтерін бекіту;

ғимараттың құрылымдық элементтеріндегі ақауларды жою.

### **5.7-параграф. Ағаш ұсталары санының нормативтері**

48. Кәсіптің шамамен атауы: ағаш ұстасы.

49. Жұмыстың шамамен құрамы:

маусымдық пайдалануға дайындық кезеңінде (көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер) ғимараттың үй-жайларын, оның құрылымдық элементтерін (терезе және есік орнатылған жерлердің тегістігін), сондай-ақ ақауларын анықтап және оларды жою мақсатында авариялық зақымдардан, өрттен, апатты сипаттағы құбылыстардан кейін қарауды (тексеруді) жүргізу;

терезе және есік орнатылған жерлерде олардың дұрыс орнатылуын қолдау жұмыстары және оларды жөндеу;

үй-жайлардағы терезелердің, желкөздердің сыртқы жарма дінгектерін, есік қаптамаларын, витражды және витриналық толтырымдарды, әйнек блоктарын ауыстыру;

кіреберістегі есіктерге серіппе мен жабу тетіктерін орнату және оларды жөндеу;

шатыр және жертөле үй-жайларында, техникалық қосалқы орынжайларда нормативтік температура – ылғалдылық режимін белгілеу жөніндегі жұмыстарды орындау (ретке келтірілген торларды орнату, шатыр асты дыбыс естілетін терезелерді, кіреберіс есіктерді әйнектеу және жабу);

жиһазды маусымдық қарап тексеру және оның дұрыс пайдаланылуы мен ұсталуын қадағалау, жиһазды ағымдағы жөндеу;

ұйым әкімшілігінің өтінімдері бойынша ақауларды жою.

### **5.8-параграф. Көмекші жұмысшылар санының нормативтері**

50. Кәсіптің шамамен атауы: көмекші жұмысшы.

51. Жұмыстың шамамен құрамы:

жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізгеннен, аварияларды жойғаннан, кездейсоқ қоқыстан тазартқаннан кейін шатырасты және жертөле орынжайларын ретке келтіру; ірі габаритті қоқыстарды, металл қалдықтарын, қайталама шикізатты тиеу; жертөледен су ағызу; металды контейнерлерді сырлау; қойма жұмыстары.

4-кесте

Р/с №	Кәсіптің атауы	Өлшем бірлігі	Сандық норматив, адам
1.	Металды төбе жабындарын жабушы	Төбе жабын болаттан жасалған 1000 м2 төбе жабыны	0,06
2.	Рулонды төбе жабындарды және дара материалдардан жасалған төбе жабындарды жабушы	Қарақағаз рубероидынан және басқа да рулонды жасалған 1000 м2 төбе жабыны	0,07
		Асбоцементті шиферден, жабындар мен басқа да материалдан жасалған 1000 м2 төбе жабыны	0,05
3.	Сырлаушы	Ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,01
4.	Ағаш шебері	Ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,02
5.	Әйнекші	Ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,01
6.	Сылақшы	Ғимараттың жалпы алаңының 1000 м2	0,01
7.	Ағаш ұстасы	Жиһаздың 100 бірлігі	0,08
8.	Көмекші жұмысшы	Шатыр асты, жертөле орынжайларының, техникалық қабаттардың жалпы алаңының 1000 м2	0,03

**6-параграф. Желдеткіш және ауа баптау жүйелерін жөндеу және оларға күтім жасау жөніндегі слесарь санының нормативтері**

52. Кәсіптің шамамен атауы: желдеткіш және ауа баптау жүйелерін жөндеу және оларға күтім жасау жөніндегі слесарь.

53. Жұмыстың шамамен құрамы:

ауа өткізгіштерінің, ауа қабылдағыштардың майысу, айырылу, бұзылған дроссель – клапандары мен тетіктері түрінде механикалық зақымдалуларын жою;  
ауа өткізгіштерінің тығыздықсыз болуын жою;  
фланецті біріктірілген жерлердегі болттардың тартылуын тексеру;  
ауаны тасымалдайтын ауа өткізгіштерді ерекше бақылауға алу;  
желдеткіш желілердің барлық элементтері бекіністерінің мықтылығын тексеру;  
фланец аралығындағы төсемдерді ауыстыру.

5-кесте

Жабдықтың атауы	Жабдықтың бір бірлігіне шаққандағы жұмысшылар санының нормативі, адам
Электр желдеткіштердің өнімділігі, сағатына текше метр (бұдан әрі – м3/с)	
900 – 3500	0,007
6000 – 9000	0,013
9000 – 11000	0,025
14000 -16000	0,032
Осьті желдеткіштердің өнімділігі, м3/с	
3800 – 8000	0,001
9000 – 14000	0,002
12000 – 21000	0,003
21000 – 30000	0,004
30000 – 41000	0,005
41000 – 65000	0,006
Ауа-жылу агрегаттарының ауа бойынша өнімділігі, м3/с	
3400-ге дейін	0,008
3900 – 7000	0,009
8400 – 13900	0,012
14000 – 25000	0,015
Ауа баптағыштардың ауа бойынша автономды өнімділігі, м3/с	
3000-ге дейін	0,030
5000	0,042
7500	0,062
10000	0,078
15000	0,095
Орталық ауа баптағыштардың ауа бойынша өнімділігі, мың м3/с	
20	0,145
40	0,162
63	0,180
80	0,200
125	0,235
Калориферлер, қыздырылған жердің 10 шаршы метріне	0,001
Өздігінен тазаратын майлы сүзгілер: бір панельді	0,012



екі панельді	0,022
үш панельді	0,032
Торшамен, сақиналармен, металл ұнтақтарымен және т.б. толтырылған майлы сүзгілер (бір кассетаға) ауаның берілуі, м3/с: 1500 – 2000	0,002
Маталы, қағазды сүзгілер (бір кассетаға) ауаның берілуі: 1500 - 2000 м3/с болғанда	0,003
Фасонды бөліктері бар дөңгелек қиынды ауаарналары ұзындығы 10 метрге диаметр ауаарнасы миллиметр:	0,002
150-ге дейін	0,003
300	0,004
500	0,006
750	0,007
1000	0,008
1250	0,009
1500	

## **7-параграф. Қазандық операторлары санының нормативтері**

54. Кәсіптің шамамен атауы: қазандық операторы.

55. Жұмыстың шамамен құрамы:

газ тәрізді, сұйық отынмен немесе электрмен қыздыру арқылы жұмыс істейтін сумен және бумен қыздырылатын қазандықтардың күтімі;

қазандықтарды жағу, іске қосу және оларды тоқтату, оларды суға толтыру;

қазандықтың арматурасы мен аспаптарын тазарту;

бумен қыздырылатын толтырғыш сорғылардың, форсункалардың экономайзерлерінің, ауамен қыздырғыштарының, бумен қыздырғыштарының жұмысын ретке келтіру және оларды қадағалау;

негізгі агрегаттарға күтім жасау аймағында орналасқан жылу желілік бойлерлік қондырғыларға немесе қысылған бу станцияларына күтім жасау;

жылу өткізгіштердің схемаларындағы күтім жасау агрегаттарын іске қосу, тоқтату және ауыстырып қосу;

тұтынушыларға жіберілетін жылуды есепке алу;

бақылау-өлшеу аспаптары бойынша қазандықтардағы судың деңгейін, будың, судың және жіберілген газдың қысымы мен температурасын қадағалау;

температуралық кестеге сәйкес қазандықтардың жұмысын (жүктемесін) ретке келтіру;

қазандықтарды, олардың қосымша механизмдерін, бақылау-өлшеу аспаптарын профилактикалық қарап тексеру және күтім жасалатын жабдықтарды жөндеуге қатысу;

қазандықтар мен олардың қосымша механизмдерін жөндеуден қабылдау және оларды жұмысқа әзірлеу;

жұмыс аймағының жұмыс орындарын жинау.

6-кесте

Қазандықтар саны	Қазандықтардың жалпы өнімділігі, сағатына гикалория (бұдан әрі – Гкал/ч)									
	0,1-5	5,1-10	10,1-25	25,1-60	60,1-100	100,1-150	150,1-200	200,1-300	300,1-500	500,1-700
	Ауысымдағы сан нормативтері, адам									
1	1,0	1,0	1,2	1,3	1,5	-	-	-	-	-
2	1,2	1,5	1,6	2,0	2,2	2,25	-	-	-	-
3	1,3	1,6	2,0	2,0	2,2	2,25	2,4	2,5	2,7	2,9
4	1,5	2,0	2,0	2,0	2,2	2,4	2,5	2,6	2,9	3,0
5	1,6	2,0	2,0	2,25	2,25	2,5	2,6	2,7	3,0	3,1
6	2,0	2,0	2,0	2,25	2,3	2,6	2,7	2,8	3,0	3,1
7	2,0	2,0	2,0	2,25	2,4	2,7	2,8	2,9	3,1	3,2
8-9	2,0	2,25	2,25	2,4	2,5	2,8	2,9	3,0	3,1	3,2
10-11	2,0	2,25	2,3	2,5	2,6	2,9	3,0	3,0	3,2	3,3
11-ден астам		2,3	2,5	2,6	2,7	3,0	3,0	3,0	3,2	3,3

Ескертпелер:

1. жұмысшылар санын белгілегенде жылыту маусымындағы жүктеме барынша көп болған кезеңде дайын болған қазандықтардың саны есепке алынады;

2. қашықтықтан басқару пульттерімен жарактандырылған қазандықтарда қазандық операторларының саны 0,4 коэффициентін қолданумен, нормативтердің негізінде белгіленеді;

3. булы қазандықтармен жабдықталған қазандықтардағы операторлардың санын белгілеу кезінде 1,15 коэффициенті қолданылады;

4. қазандықтардың оқшауланған үй-жайларында орнатылған қазандықтарға бір мезгілде күтім жасау мүмкін болмағанда, жұмысшылардың саны әрбір учаске бойынша белгіленеді;

5. қосымша берілген жүктемелерге сәйкес келмеуге байланысты, қазандықтардың жүктемесі толық болмаған жағдайда, санын есептеу кезінде іс жұмыс істейтін қазандықтардың нақты саны мен жиынтық өнімділік есепке алынады.

### 8-параграф. Қазандық машинистері (от жағушылар) санының нормативтері

56. Кәсіптің шамамен атауы: қазандық машинисі (от жағушы).

57. Жұмыстың шамамен құрамы:

қатты отынмен жұмыс істейтін су жылыту және бу қазандықтарына қызмет көрсету ;

қазандықтарды жару, іске қосу және оларды тоқтату және оларды сумен толтыру; отынды ұсақтау, қазандыққа салу және қазандықтағы отынды көсеу; отынның жануын ретке келтіру;

бақылау-өлшеу аспаптары бойынша жылыту жүйесіне берілетін қазандықтағы судың деңгейін, бу қысымы мен су температурасын қадағалау;

ауыр заттар көтеретін және күл мен шлакты алып тастайтын қондырғыларды, стокерді, экономайзерлерді ауа қыздырғыштарды, бу қыздырғыштар мен қоректік сорғыларды іске қосу, тоқтату, ретке келтіру;

негізгі агрегаттарға күтім жасау аймағында орналасқан жылу желілік бойлерлік қондырғыларға немесе қысылған бу станцияларға қызмет көрсету;

бумен және сумен қыздырылатын қазандықтардың от жағатын жерлері мен бункерлерінен шлак пен күлді қолмен және механикалық тәсілмен алып тастау;

күл мен шлакты қолмен немесе механизмдердің көмегімен кол арбаларға, вагонеткаларға не вагондарға тиеп, оларды белгіленген жерге тасымалдау;

шлак пен күлді арнайы аппараттармен шаю;

шлакты және күлді үйінділерді жоспарлау;

жабдықтардың жұмысындағы ақаулардың алдын алу және оларды жою;

қазандықтарды, қосымша механизмдерді бақылау-өлшеу аспаптарын алдына ала қарап тексеру;

қазандық агрегаттарын жоспарлы – алдын ала жөндеуге қатысу;

қазандықтар мен қосымша механизмдерді жөндеуден қабылдау және оларды жұмысқа дайындау;

жұмыс орнын жинау.

7 -кесте

Қазандық типі	Қазандықтағы қазандықтардың саны				
	1	2	3	4	5 және одан астам
	Ауысымдағы қазандықтарды механикаландырылған тиеумен жұмысшылар санының нормативі, адам				
Су қыздыратын қазандықтар, орташа номиналды өнімділігі, Гкал/с: 10,0-ге дейін болғанда	1,1	1,3	1,5	1,8	2,2
10,0-ден астам 20,0-ге дейін болғанда	1,3	1,5	1,8	2,2	2,4
20,0-дан астам 50,0-ге дейін болғанда	1,4	1,8	2,2	2,5	2,9
Бумен қыздырылатын қазандықтар, орташа					

номиналды өнімділігі, сағатына тонна: 10,0-ге дейін болғанда	1,2	1,4	1,7	2,0	2,4
10,0-ден астам 50,0-ге дейін болғанда	1,6	2,0	2,4	2,8	3,2

### 8-кесте

Жылыту кезеңінде ауысымда 1 қазандыққа жұмсалатын көмірдің орташа шығысы, тонна	Қазандықтағы қазандықтардың саны			
	1	2	3	4
	Ауысымдағы қазандықтарды қолмен тиейтін жұмысшылар санының нормативі, адам			
0,5-ге дейін	1,0	1,0	1,2	1,5
0,5-ден астам 1,0-ге дейін болғанда	1,2	1,8	2,0	2,2
1,0-ден астам 2,0-ге дейін болғанда	1,4	2,3	2,6	3,0
2,0-ден астам 3,0-ге дейін болғанда	1,6	2,7	3,3	4,0
3,0-ден астам	2,0	3,2	4,0	5,0

### 9-параграф. Күзетші (вахтер) санының нормативтері

58. Кәсіптің шамамен атауы: күзетші (вахтер).

59. Жұмыстың шамамен құрамы:

вестибюльдің кіреберіс есіктеріндегі кезекшілік;

күзетілетін объектінің тұтастығын тексеру (құлыптар мен өзге де құлыптау құрылғылары, пломбалардың болуы, дабыл құрылғыларының, телефондардың, жарықтандырудың жарамдылығы, өртке қарсы мүкәммалдың болуы);

құжаттарды тексеру және журналға белгі қою.

60. Ауысымдағы күзетші санының нормативі: бір постқа – 1 адам.

### 10-параграф. Диспетчерлер санының нормативтері

61. Кәсіптің шамамен атауы: диспетчер.

62. Жұмыстың шамамен құрамы:

телефон арқылы өтінімдерді қабылдау және тіркеу, олардың себептері мен сипатын анықтау;

бригадаларды авариялар болған жерге жіберу туралы мәселені жедел шешу;

диспетчерлік журналды толтыру және басқа да техникалық құжаттаманы толтыру;

аварияларды жоюдың барысын және жұмыстарды орындау барысының бұзылуын алдын алу, сондай-ақ оларды туындатқан себептерді жедел бақылау үшін желіде орналасқан жұмыс бригадаларымен байланысты жүзеге асыру;

ауысым бойынша кезекшілікті қабылдау және тапсыру.

63. 1 диспетчерлік пунктке шаққандағы сандық норматив:

бір ауысымды жұмыс режимінде – 1 адам;

тәулік бойы жұмыс режимінде – 4 адам.

### **11-параграф. Телефон байланысы мен радиофикацияның желілік құралымдарының электромонтерлері санының нормативтері**

64. Кәсіптің шамамен атауы: телефон байланысы мен радиофикацияның желілік құралымдарының электромонтері.

65. Жұмыстың шамамен құрамы:

зақымдалған жерлерді және оның сипатын анықтап, зақымдарды жою;

телефон аппараттарын, дауыс зорайтқыштар мен біріктіретін сымдарды жөндеу;

арнайы схема бойынша қосымша телефон аппараттарын, сондай-ақ қосарланған телефон аппараттарын орнату және қосу, жерсіндіру;

сымдарды орнату, реттеу;

жұмыс нәтижесінде болған байланыс құралымдарының құрамын өзгертуге мүкәммалдық анықтама жасау;

автоматты жүйелерді, электрондық, телемеханикалық, әртүрлі желілік және жиілігі жоғары аппаратураны баптау және сынақтан өткізу;

